


**БЕКІТЕМІН**

«Астана қаласының  
Дене шынықтыру және спорт  
басқармасы» ММ басшысы  
С.С. Жилкибаев  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
2023 жыл.




**КЕЛІСЕМІН**

Астана қаласы әкімдігінің  
«Спорттық-бұқаралық іс-шараларды  
өткізу дирекциясы» КММ басшысы  
Б.Е. Масанов  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
2023 жыл.



**КЕЛІСЕМІН**

«Астана қаласының Триатлон  
Федерациясы» ҚБ  
бас хатшысы  
Ж.Ж. Кожахметов  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
2023 жыл.



**«Жабық нысандарда өтетін триатлон және акватлон бойынша Астана  
қаласының біріншілігі» жарысының  
ЕРЕЖЕСІ**

Астана қаласы, 2023 ж.

*Handwritten signature*

## 1. Спорттық жарыстың атауы.

«Жабық нысандарда өтетін триатлон және акватлон бойынша Астана қаласының біріншілігі» (бұдан әрі – Жарыс) – Астана қаласының спорт мектептерінің түлектері қатыса алатын U9-U12 жастар арасындағы акватлон бойынша және U15-U19 жастар арасындағы триатлон (жүзу, веложарыс, жүгіру) бойынша жыл сайынғы қалалық жарыс.

## 2. Жарыстың өткізу мақсаттары мен міндеттері.

- 1) Елордада балалар спортын дамыту;
- 2) Астана қаласының тұрғындары арасында СӨС насихаттау;
- 3) Ұлтты сауықтыру.

## 3. Өткізу орны мен уақыты.

Өткізілетін күні: 2023 жыл 16 желтоқсан.

Өтетін орны: «Астана» ОДО» РМҚК («Сарыарқа» велотрегі, «Qazaqstan» ЖАСК)

Өткізу уақыты: 06:30-дан 16:00-ге дейін.

Уақыты	Іс-шара	Локация
06:30	Жарыстың ашылуы. Жүзу, дене қыздыру жаттығулары	«Сарыарқа» велотрегі
07:00	Жүзу кезеңі, жарыс	«Сарыарқа» велотрегі
08:00	Вело кезеңі, дене қыздыру жаттығулары	«Сарыарқа» велотрегі
08:30	Вело кезеңі, жарыс	«Сарыарқа» велотрегі
10:30	Перерыв	
13:30	Жүгіру кезеңі, дене қыздыру жаттығулары	«Qazaqstan» ЖАСК
14:00	Жүгіру кезеңі, жарыс	«Qazaqstan» ЖАСК
15:00	Қорытынды шығару	«Qazaqstan» ЖАСК
15:30	Марапаттау	«Qazaqstan» ЖАСК
16:00	Жарыстың жабылуы	«Qazaqstan» ЖАСК

## 4. Жарыстарды өткізу жүйесі.

Жарыс U9, U12, U15, U17, U19 жас санаттарында «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК базасында Қабанбай батыр даңғылы, 45А бойындағы «Сарыарқа» велотрегінің ғимаратында (жүзу және велоспорт алаңы) және Тұран, 59 мекен-жайындағы «Qazaqstan» жеңіл атлетика спорт кешенінде өтеді (жүгіру кезеңі).

Әр кезеңнің басында топ құрылады:

- жүзу (U9, U12 - 50 м, U15-U19 - 200 м, жолақ саны бойынша);
- велоспорт кезеңі (U15-U19 – 2 км, әрқайсысы 2 қатысушы);
- жүгіру кезеңі (U9, U12 - 400 м, U15-U19 - 1 км (жасы мен жынысына байланысты)).

## **5. Қатысушы ұйымдар.**

«Астана қаласының Триатлон Федерациясы» ҚБ (бұдан әрі – Ұйымдастырушы):

- қатысушыларды тіркеу,
- төрешілерді іріктеу,
- Жарысты өткізу,
- Қорытындылау,
- марапаттауды ұйымдастыру,
- материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету.

«Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ:

- іс-шара өткізуге келісім беру, жарыс ережесін бекіту, іс-шараға жалпы үйлестіру;

- «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны – Қабанбай батыр даңғылы, 45А мекенжайы бойынша «Сарыарқа» велотрегінің (бассейн және велотрек) ғимаратын материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету; Тұран даңғылы, 59 мекенжайы бойынша «Qazaqstan» жеңіл атлетика кешені (жүгіру аренасы).

Байқауға байланысты шығындарды ұйымдастырушылар көтереді.

## **6. Жарыстың сандық құрамы.**

Жарысқа қатысушылардың лимиті - 70 адам.

## **7. Жарысқа қатысушылар.**

Денсаулық жағдайы бойынша келесі жас санаттарында қашықтықты еңсеруге қабілетті қатысуға барлық ниет білдірушілер (ерлер мен әйелдер) шақырылады.

- M-U9, F-U9;
- M-U12, F-U12;
- M-U15, F-U15;
- M-U17, F-U17;
- M-U19, F-U19.

## **8. Нәтижелерді бағалау жүйесі.**

Жарыстың уақытын төрешілер қолмен жүргізеді.

Уақыт әр кезеңде бөлек есептеледі, содан кейін жалпы уақыт соңғы болады. Бұл ретте жарыстарда транзиттік аймақтардың уақыты ескерілмейді.

## **9. Медициналық-санитарлық қамтамасыз ету.**

Ұйымдастырушылар мен осы жарысты ұйымдастыруға қатысқан адамдар қатысушылардың денсаулығы үшін жауап бермейді.

Спорттық іс-шараға бірінші кезектегі шақыру бойынша жедел медициналық жәрдем бригадасы қызмет көрсететін болады.

Жарыс жедел жәрдем бригадасымен кезекті шақырту бойынша қызмет көрсетіледі.

Тазалық пен тәртіп сақтау қажет.

**10. Допингке қарсы қамтамасыз ету.**

Допингке қарсы бақылау қарастырылмаған, өйткені жарыс балалар спортына бағытталған.

**11. Төрешілер алқасының сандық құрамы.**

Төрешілер алқасына 10 төреші кіреді, оның ішінде: бас төреші, бас хатшы, хронометр төрешілері.

**12. Спорттық жарысқа қатысуға өтінімдер беру тәртібі мен мерзімі.**

Қатысушыларды тіркеу 2023 жылдың желтоқсанның 01-нен 10-на дейін [info@triathlonnursultan.kz](mailto:info@triathlonnursultan.kz) поштасына өтінім беру арқылы жүзеге асырылады.

Жарысқа қатысу ақысыз.

**13. Қатысушылар мен төрешілерді қабылдау шарттары.**

Барлық қатысушылар ата-анасынан Жарысқа қатысушы баланың денсаулығы туралы қолхат ұсынуы қажет.

Жарысқа жас санаттарына сәйкес келетін және жоғарыда сипатталған шарттарды орындайтын балалар қатыса алады.

**14. Спорттық жарыстың жеңімпаздарымен мен жүлдегерлерін марапаттау тәртібі.**

Әр жас тобындағы жарыстың жеңімпаздары бүкіл қашықтықты еңсеруге жұмсалған ең аз уақыт бойынша анықталады.

Әр жас және гендерлік санаттағы жеңімпаздар 1-3 орын үшін ақшалай сыйлықтармен немесе сертификаттармен марапатталады. 1 орын – 20 000 тг., 2 орын -15 000 тг., 3 орын – 10000 тг.

Жеңімпаздарды ұйымдастырушы марапаттайды.

**15. Наразылық беру тәртібі және оларды қарау.**

Наразылықтар жарыстың ұйымдастырушыларына беріледі және жарыстың төрешілер алқасы қарайды.

Жарысқа қатысушы жарыс аяқталғаннан кейін 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде шағым беруге құқылы.

Шағымдар электрондық поштаға жіберіледі: [info@triathlonnursultan.kz](mailto:info@triathlonnursultan.kz).

Жарысқа қатысушыға наразылық білдірген кезде мынадай деректерді көрсету қажет:

- қатысушының тегі мен аты (анонимді өтініштер қаралмайды);
- наразылықтың мәні;
- наразылықтың негіздері (фотосурет, жеке секундомер, субъективті пікір және т.б.).

Жарыстың ұйымдастыру комитеті наразылық алған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде жарысқа қатысушыға ресми жауап дайындайды, ол наразылық берілген электрондық поштаға жіберіледі.

#### **16. Қорытынды ережелер.**

Жарыс туралы толық ақпарат [www.triathlonnursultan.kz](http://www.triathlonnursultan.kz) сайтында орналастырылған, сондай-ақ ұйымдастыру комитетінің әлеуметтік желілерінің аккаунттарында [https://www.instagram.com/astana\\_triathlon/](https://www.instagram.com/astana_triathlon/);

Жарыстың ұйымдастыру комитеті басқа ақпараттық ресурстарда орналастырылған ақпарат үшін жауап бермейді.

Жарысқа қатысуға байланысты шығыстарды (жолжүру, тұру) әрбір қатысушы өз бетінше немесе қатысушыны іс-сапарға жіберетін ұйым көтереді.

Осы Ереже жарысқа қатысуға ресми шақыру болып табылады.

Ұйымдастыру комитеті жарысты өткізу туралы осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.